

**Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің оқытушылары
арасында «Алтын диск-2016» облыстық сырттай байқауды
ұйымдастыру және өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты: Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында педагогтің кәсіби мәртебесін арттыру.

Міндеттері:

- Білім беруді ақпараттандыру жағдайында шығармашылықпен жұмыс жасайтын информатика оқытушыларын анықтап, оларды мадақтау мен кәсіби имиджін арттыру;
- Білім беруді ақпараттандыруды дамыту жағдайында информатиканы оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын және педагогикалық идеяларды іздеу;
- Бірыңғай ақпараттық білім ортасына ену үшін оқытушылардың кәсіби құзырлылығы мен ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру;
- IT- технологияларды енгізу жағдайында педагогтердің озық тәжірибелерін тарату.

Байқауға қатысушылар

Байқауға Алматы облысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің жалпы білім және арнайы пәндерінің (информатика) оқытушылары қатыса алады.

Қатысушының құжаттары:

1. Білім мекемесінен қатысушыға сұраныс
2. Қатысушының портфолиосы

Құжаттар **2016 жылдың 07 қазанға** дейін Алматы облыстық әдістемелік кабинетіне (Талдықорған қаласы, Мүшелтой ықшам ауданы, 144 үй, pedoku@mail.ru) қағаз жүзінде тапсырылуы тиіс. Ұйымдастыру жарнасы 2000 тенге.

Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефондары: 8/7282/400892, 87771782696, 87772261064

3. Байқауға ұсынылған үздік жұмыстар облыстық әдістемелік кабинет www.talmetod.kz сайтына орналастырылады.

Байқауды ұйымдастыру мен өткізу реті

Байқау ІІІ кезеңнен тұрады:

І - кезең **колледжішілік** білім мекемелері базасында (іріктеу) осы жылдың **қыркүйек айында** өткізіледі.

ІІ - кезең **облыстық** (сырттай) облыстық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен **2016 жылдың 10-17 қазан аралығында** өткізіледі.

ІІІ - кезең **республикалық «Өрлеу»** біліктілікті арттыру ұлттық орталығы базасында **2016 жылдың 25-26 қараша аралығында** өткізіледі. Оған облыстық кезең жеңімпаздары ұсынылады.

Байқаудың барлық кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен әділқазылар мүшесі құрылады.

Байқаудың мазмұны:

1. Оқытушының педагогикалық тәжірибе тұжырымдамасының сипаттамасы: оқытушының педагогикалық, әдістемелік-ұйымдастырушылық қабілетін, кәсіби қызметінің тиімділігін ашып көрсететін сараптамалы-ақпараттық (авторлық бағдарламалар, әдістемелер, технологиялар, ғылыми-зерттеу жұмысының жүйесі) мәліметтерден тұратын **ПОТФОЛИО**.

Тұжырымдамада келесі мәселелерге баса назар аударылуы қажет: өзектілігіне, негізгі мақсаттың толымдылығына, ғылыми идеялардың баяндалуына, әдістемелік жүйелілігіне, күтілетін нәтижесіне, көбейтіліп шығаруға дайындылығы.

Портфолионы бағалау критерийлері:

1. Материалдың толықтығы, жүйелілігі
2. Мазмұны мен өзектілігі
3. Оқытушы жұмысындағы жаңашыл идея, білім сапасын көтеруге негізделуі
4. Білім алушылармен жүргізілетін жұмыс бағыты, оның нәтижесі
5. Безендірудегі эстетикалық талаптың орындалуы

2. Үздік жүргізілген 20 минуттық **панорамалық сабақтың** электронды нұсқасы (видеоролик) мен сабақ жоспарының әзірлемесі өткізіледі.

Осы уақыт аралығында автор өз іс-тәжірибесін теориялық тұрғыда негіздеп, сабақтың үзінділерін көрсетуі тиіс. Сабақтың мазмұны кескіндермен, көрнекті және дидактикалық материалдармен безендіріліп, техникалық құралдармен көрсетілуі қажет.

Панорамалық сабақ **15 баллдық** жүйемен келесі талаптар бойынша бағаланады:

- Сабақтың мақсатқа сай ұйымдастырылуы - 3;

- Оқыту әдістемесін игеруі - 3;
- Пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруы - 3;
- Кері байланысты шеберлікпен ұйымдастыруы - 3;
- Сабақ жоспарындағы барлық кезеңдердің қамтылуы - 3.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау

1. Қазылар алқасы байқаудың барлық сынақтары нәтижесінде бір бас жүлде (бірінші орын) мен бір екінші, бір үшінші орындар және 3 номинацияларды анықтайды: «Жаңашыл оқытушы» «Ізденімпаз оқытушы», «Шығармашыл оқытушы».
2. Байқауға қатысушылардың демеушілері және басқа ұйымдар байқау жеңімпаздары мен лауреаттарға жеке өзіндік сыйлықтарын табыс ете алады.

**«Алтын диск» облыстық байқауына
сұраныс**

Байқауға қатысушының тегі, аты-жөні, әкісінің аты

Байқауға қатысушының жұмыс орны

Туылған күні, айы, жылы

Лауазымы (мамандығын толық көрсету), қай жылдан бастап осы мамандық бойынша жұмыс жасайды

Педагогикалық жалпы еңбек өтілі

Аталған мекемедегі педагогикалық еңбек өтілі

Марапаттары

Соңғы үш жылдағы жетістіктері
